



# Ақмешіт

10 қаңтар  
сенбі

№2 (2214)

2026 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmesht.kz@mail.ru

Аялаймын сені, Қызылорда!

■ БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

## ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДЫҢ ЖАҢА ДӘУІРІ немесе ОЙЛЫ ҚОҒАМҒА АЙНАЛСАҚ ЕКЕН

Жаңа жылдың он күні де өтіп кетті. Әрбір жаңа күн жаңа мүмкіндік десек, жыл он екі айды текке өткізбей, арман-мақсаттарымыз бен жоспарларымызды бір пысықтайтын сәт келгендей. Біздің мақсатымыз – оқырман көңілінен шығатын сапалы дүние жазу. Сол себепті де «оқырманға не ұнайды?» деген сұрақ біз үшін әрдайым өзекті. Шыны керек, технология ғасырында оқырман талғамын дөп басу қиын. Бұл сұрақты үлкенге де, жасқа да қойдық, тіпті сауалнама жүргіздік. Нәтижесінде «қазір елдің бәрі әлеуметтік желіде ғой» деген жауаптың басым түсетіні шындық. Елдің әлеуметтік желіден не іздейтіні де қызық. Бұл сұрақтың да жауабы белгілі, көп назары жұлдыздардың өмірі, уақытты өлтіретін қысқа видеолар екені даусыз. Жыл басында Мемлекет басшысы «Turkistan» газетіне берген сұхбатында әлеуметтік желінің қоғам үшін зиянын атап айтты. «Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады», – деді Президент. Қоғамға ой салатын жағдай. Кейде көпшілік арасынан газет оқымаса да, «газеттен не оқимыз?» деген сұрақ қойылып жатады. Шынында, оқырман нені оқығысы келеді немесе әлеуметтік желі көпшіліктің назарын қалай аударалы? Бұл әлем бойынша өзекті мәселе. Канадалық жазушы, бірнеше мотивациялық бестселлер авторы Робин Шарма адамдардың жағымсыз жаңалық оқуға бейім екенін жазады. «Жағымсыз жаңалықтар жақсы тыңдалады. Біздің қоғам шынымен ұлы адамның биографиясынан гөрі, жұлдыздардың қылмыстық ісі туралы бағдарлама көргенді жақсы көреді. Басты бетіне қайғылы оқиға туралы жазылған газет соңғы ғылыми жаңалық жайында мақаласы бар газетке қарағанда көбірек сатылады. Жағымсыз жаңалықтарды оқу мен көруге тез бейімделіп кетуге болады. Көбіміз рухани жұпыны мақала оқумен таң атырып, соңғы қылмыс, апат, жанжал туралы жаңалықтарды көрумен кеш батырамыз» деп жазады. Бұл жерде автор оқу мәдениеті туралы айтып отыр. Сіз де күн сайын жағымсыз жаңалықтар мен монсіз видеоларды көрумен алтын уақытыңызды құрбан етіп жүрсеніз, өзіңізді түзетуге әлі де кеш емес.

Билығы жартыжылдыққа «Ақмешіт апталығы» газетіне 3815 оқырман жазылыпты. Ай соңына дейін оқырман қатары көбейді деген үміттеміз. Бұл сан газеттің тұрақты оқырманы қалыптасқанын білдіреді. Демек, тұрақты оқырман «Ақмешіт апталығы» газетінің ұстанымын біледі деген сөз. Газетке тұрақты түрде жазылатын және асыға күтетін оқырманға жыл сайын есеп беру дәстүрге айналған. Қаланың бас газеті «Ақмешіт апталығы» газетінің «Қала тынысы» айдары арқылы қала жаңалықтарын, «Қала және адамдар» айдарымен қаланың қарапайым тұрғынының айналасына жасап жүрген жақсылығы туралы, ал «24/7» арнаулы бетінде қаланың коммуналдық саласындағы атқарылып жатқан жұмыс барысын қамтимыз. Бір атап айтарлығы, ай сайын тұрақты шығып тұратын арнаулы беттер көбеймесе, қысқарған жоқ. Тек атауы өзгерді. Енді «Зерде» білім беті, «Шипа» денсаулық беті, «Тенге» экономика беті, «Өнер» руханият беті, «Шаңырақ» отбасы беті болып, атауы өзгерді. Сонымен қатар кәсіпкерлікті насихаттауды мақсат еткен «Кәсіпкер», был еліміз бойынша цифрландыру және жасанды интеллект жылына орай «ЖИ» арнаулы беті қосылды. Балаларды қызықтырған «БалаТіпес», жаңа технологиялар тақырыбын қамтитын «IT-әлем», спорт жаңалықтарына арналған «Спорт» беті ай сайын тұрақты шығып тұрады. Сондай-ақ қоғамдағы өзекті мәселелерді қамтыған сараптамалар, ойлы сұхбаттар да назардан тыс қалмайды. Оқырман қызығушылығын туғызған психологиялық тақырыпты арқау еткен «Жүрек кілті» айдары, жырышы-жыраулардың әңгімесін де, жырын да оқырманға жеткізетін «Жыр-күмбес» айдары оқырман сұранысына сай жалғасын таппақ. Ал халық қалаулыларының жұмыс барысын «Депутат» айдарынан оқи аласыздар. Қадірлі оқырман, газет бетінен оқығыңыз келетін тақырыптар туралы айтар ой-пікіріңіз болса, бізге хат жазыңыз. Сіздің ұсынысыңыз біз үшін қашанда қымбат. Ойлы оқырман көбейсін!

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

### ■ СЫРҒА САПАР



## Өңірлерді дамыту ЕЛ ЕҢСЕСІН ТІКТЕМЕК



Осы аптада Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Сыр өңіріне іссапармен келді. Сапар барысында еңбек ұжымдарымен, мәслихат депутаттарымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен және өңірдегі дарынды жастармен кездесті.

Кездесулерде Мемлекет басшысының «Turkistan» газетіне берген сұхбатында айтылған бастамаларды, сондай-ақ елімізде жүргізіліп жатқан өңірлерді орталықсыздандыру бағдары мен Цифрландыру және жа-

санды интеллект жылы аясындағы тапсырмаларды іске асыруға қатысты мәселелер талқыланды.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев мәслихат депутаттарымен және жұртшылықпен кездесуде Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған реформаларды сапалы іске асыру үшін барлық мүдделі тараптың бірлескен жұмысы ерекше мәнге ие екенін айтты. – Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде кешенді реформалар іске асырылып жатыр. Басты мақсат – әділетті мемлекет, тиімді экономика және жауапты басқару жүйесін қалыптастыру. Мемлекет бас-

шысы «Turkistan» газетіне берген сұхбатында еліміздің қазіргі ахуалына және алдағы даму бағдарына кеңінен тоқталды. Президентіміздің барлық бастамасы Қазақстанды әділетті, демократиялық, ашық мемлекетке айналдыруға бағытталған. Сондықтан Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді сапалы іске асыру үшін сенаторлар мен мәслихат депутаттарының жүйелі өзара іс-қимылын және бірлескен жұмысын белсенді түрде жалғастыра береміз, – деді Мәулен Әшімбаев.

2-БЕТТЕ

### ■ САРАПТАМА

Күнде кешкілік балаларымның сабағын оқытқан сайын өзімнің балалық шағым есіме түседі. Ата-анамыз оқуымызға қарауға шамасы келмейтін. Таңнан кешке дейін қара жұмыстан қолы тимейді. Тіпті «сабағыңды оқы», – деп ескерткені есімде қалмапты. Ал бүгінгі балалар ше? Дәл қазіргі мәселе барлық отбасында бар. Қазіргі ата-аналар балаларына сабақ оқыта алмай әлек болып жүр. Тіпті кейбір ата-ана баласының үй тапсырмасын орындату үшін арнайы мұғалім жалдап отыр. Бүгінде жүйкесі жұқарған ата-ана, сабақ ұқпайтын бала көп. Осы жағдай қосымша орталықтар мен ақылы оқытатын мұғалімдердің көбеюіне әкелді.

## «БАЛАМДЫ ҚОСЫМШАҒА БІЛ ДЕП БЕРДІМ»



### Ата-ананың уақыты жоқ

Жасыратыны жоқ, бүгінде оқушылар қосымша орталықтар мен репетитор жағалап жүргенін көзіміз көріп отыр. Жарнамасы жер жарған арнайы орталықтар сұраныстың көп екенін дәлелдеп тұрғандай. Сонымен қатар қалтасы қалың ата-ана ақылы мектепті таңдайды.

Репетиторлық немесе мұғалім жалдау бүгінде үлкен сұранысқа ие. Мұның себебін «сыныпта оқушының көптігінен» десе, ата-аналар «уақыттың жоқтығынан» дейді. Сөйтіп, жыл сайын жаңа оқу жылы басталысымен әрбір екінші

оқушы оқу орталығын жағалап жүреді. Тіпті мұғалімдер оқушының үйіне келіп сабақ береді. Ата-ана оның ақшасын төлейді. Әрине, бұл мектептегі тегін үйірмелерден бөлек.

– Қыздарымды өзім оқытқанмын. Ұлды оқытуға шамам келмеді. 1-сыныптан бастап жеке мұғалімге бердім. Сабақ уақытынан тыс үй тапсырмаларын орындатып жібереді. Өзім оқытсам айқайлап, баланы ұрып жіберемін. Сол үшін мұғалімге қосымша оқытқанды жөн көрдік. Жүйкем де тыныш, бала өз деңгейінде білім алады, – дейді қала тұрғыны Құндызай Жиенбаева.

4-БЕТТЕ

### ■ СҰХБАТ

Сабит ИБАДУЛЛАҰЛЫ, Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары:

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕ ПОЛИЦИЯНЫҢ ЖАҢА БЕЙНЕСІ ҚАЛЫПТАСУДА



Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қоғам өмірінің барлық саласына дендеп еніп келеді. Бұл үдеріс құқық қорғау жүйесін де айналып өткен жоқ. Қылмыстың алдын алу, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, азаматтарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыру бағытында полиция жұмысы жана форматқа көшіп жатыр. Осы орайда, құқық қорғау саласындағы жүзеге асқан цифрландыру жобалары, «смарт-полиция» тұжырымдамасы және жасанды интеллектті қолдану туралы Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары Сабит Ибадуллаұлымен сұхбаттасудың сәті түсті.

2-БЕТТЕ

### ■ БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫ

## VIP нөмірге әркімнің бар таласы

Жылқы жылы көлік жүргізіштері үшін жағымды жаңалықпен басталды. Жаңа жылдың алғашқы күнінен бастап автоцон жұмысы қыза түсті. Ал бұл мекемедегі ұзын сонар кезекті көрсеніз құлды тегін дүние таратып жатқандай ма дерсіз. Елдің түн ұйқысын төрт бөлген бұл қандай кезек? Сөйтсек темір тұлпарына VIP нөмір таққысы келіп, күні бойы автоцон есігін күзеткендер екен.



Ішкі істер органдарының мәліметінше, жүргізушілер халыққа қызмет көрсету орталығына барып, әріптер мен сандар комбинациясын құрап, өздері таңдауына мүмкіндік алды. Енді көлік иелері мемлекеттік нөмірді өздері құрастыра алады. Мысалы: 123AZA01, 321ERA02, 069ARA03 және тағы басқа. Бұл қызметтің құны 10 айлық есептік көрсеткішпен белгіленген, яғни 43250 теңгені құрайды. Жаңа ережеге сәйкес таңдаған әдемі нөміріңіз бос әрі заң талабына сәйкес келуі керек.

3-БЕТТЕ



# Өңірлерді дамыту ел еңсесін тіктемек

Кездесулерде Сенат төрағасы Мемлекет басшысының тапсырмасымен әзірленіп, фискалдық және салық саясаты толығымен қайта қаралған жаңа Бюджет, Салық кодекстерінің, сондай-ақ қабылданған басқа да заңдардың маңызына тоқталып өтті. Сонымен қатар Сенат спикері ел Президентінің өңірлерді орталықсыздандыруды және олардың дербестігін арттыруды көздейтін бағдары мен «Қуатты өңірлер – қуатты ел» қағидатының негізгі мәніне де тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтардың құзыретін күшейтіп, бірқатар өкілеттікті орталықтан өңірлерге беруді маңызды міндет етіп белгіледі. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік дербестігін кеңейту үшін ауқымды өзгерістер орын алуда. Соның нәтижесінде салықтар



мен төлемдердің 25 түрі жергілікті деңгейге, оның ішінде аудандар мен ауылдарға берілді. Ең осал аймақтарға стандартты даму деңгейіне жету үшін көбірек ресурстар беріледі. Мұндай тәсіл инфрақұрылымдық олқылықтарды барынша азайтуға

және елді мекендердің дамуын нақты жоспарлауға жол ашады. Өңірлердің кірістерінің 70 пайызы аудандық деңгейде және облыстық маңызы бар қалаларда шоғырланған. Бұл – жергілікті әкімдерді бизнес ортаны дамытуға және табыс базасын ұлғайтуға ынталандыратын қадам. Осындай ауқымды жұмыста мәслихаттарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Бұл ретте Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың сапалы әрі уақытылы іске асырылуын бақылауды күшейтудің маңызы зор, – деді Сенат төрағасы.

Кездесуде Мәулен Әшімбаев саяси жаңғыру жолындағы тағы бір маңызды мәселе – парламенттік реформа жөнінде айтты.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған Жолдауында бір палаталы Парламентке көшу

мәселесін қоғам мен сарапшылар талқылауына шығаруды ұсынды. Бұл бастама демократиялық институттар мен тетіктерді нығайтуға бағытталған дәйекті реформалардың қисынды жалғасы екені анық. Осы жолда кеңейтілген өкілеттіктерге ие Парламент маңызды рөлдердің бірін атқарады. Аталған реформа аясында Конституцияның 40-қа жуық бабына өзгерістер енгізіледі. Бұл мәселе бойынша түпкілікті шешім халықтың пікірін ескере отырып, референдум арқылы қабылданады. Жалпы, парламенттік реформа өкілді билік тармағын одан әрі тиімді, икемді және заманауи сын-кәтерлерге төтеп беретін жүйе ретінде күшейтуді көздейді, – деді Сенат спикері.

Мәулен Әшімбаев аймақтың экономикалық өсу перспективалары мен қарқынына назар аударып, жаңа даму тетіктерін жетілдірудің және азаматтардың әл-ауқатын арттырудың маңызды екенін атап өтті.

Сапар барысында Сенат төрағасы өңірдің креативті және белсенді жастарымен кездесті. Онда жаңғырудың жаңа кезеңіндегі реформаларды жүзеге асыруда жас буынның ролі, өскелең ұрпақтың бойына жасампаз құндылықтар мен прогрессивті идеяларды сіңіру, үздіксіз білім алу, цифрлық сауаттылықты арттыру, жасанды интеллекттің жетік меңгеру бағытында мазмұнды әңгімелер айтылды.

«Ақмешіт-ақпарат»



ҚР ПАРЛАМЕНТІНІҢ  
СЕНАТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев аймақтардың құзыретін күшейтіп, бірқатар өкілеттікті орталықтан өңірлерге беруді маңызды міндет етіп белгіледі. Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдардың бюджеттік дербестігін кеңейту үшін ауқымды өзгерістер орын алуда. Соның нәтижесінде салықтар мен төлемдердің 25 түрі жергілікті деңгейге, оның ішінде аудандар мен ауылдарға берілді. Ең осал аймақтарға стандартты даму деңгейіне жету үшін көбірек ресурстар беріледі. Мұндай тәсіл инфрақұрылымдық олқылықтарды барынша азайтуға және елді мекендердің дамуын нақты жоспарлауға жол ашады. Өңірлердің кірістерінің 70 пайызы аудандық деңгейде және облыстық маңызы бар қалаларда шоғырланған. Бұл – жергілікті әкімдерді бизнес ортаны дамытуға және табыс базасын ұлғайтуға ынталандыратын қадам. Осындай ауқымды жұмыста мәслихаттарға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Бұл ретте Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың сапалы әрі уақытылы іске асырылуын бақылауды күшейтудің маңызы зор.

Мәулен Әшімбаев  
ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы

Сабит ИБАДУЛЛАҰЛЫ, Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары:

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ДӘУІРІНДЕ ПОЛИЦИЯНЫҢ ЖАҢА БЕЙНЕСІ ҚАЛЫПТАСУДА

– Цифрландыру мен жасанды интеллектті құқық қорғау саласына енгізу қалай жүзеге асуда?

– Цифрландыру мен жасанды интеллекттің құқық қорғау саласына енгізу жұмыстары кезең-кезеңімен бірнеше бағытта жүргізілуде. Жалпы алғанда, бұл процесс құқық қорғау органдары жұмысының тиімділігін арттыруға, адами факторды азайтуға және қылмыстың алдын алуға бағытталған. Мысалы, бірқатар ведомствоаралық цифрлық платформалар мен деректер қоры құрылып, құқық қорғау органдары арасында ақпарат алмасу автоматтандырылды. Қылмыстық істер электронды форматта тіркеліп, жүргізіледі. Азаматтар, көліктер, қарулар мен сотталғандар туралы бірыңғай дереккөздер енгізілді. Азаматтарға арналған электрондық сервистер де кеңінен қолданылуда. Мысалы, онлайн арыз-шағым беру, электронды шақыру қағаздары, айыппұлдар мен тексерулер

дерінің техникалық құралдармен қамтылуы жақсарды. Осы шаралардың арқасында полиция қызметкерлері ақпараттық жүйелермен жұмыс істеуге бейімделіп, цифрлық сервистерді толық пайдалана алады. Сонымен бірге сыртқы қызмет салалары смартфон негізіндегі бейнежетон құрылғыларымен жабдықталды. 607 бейнежетон жалға алынып, қызмет бөлімдерінің 81%-ы құралмен қамтамасыз етілді. Бұл қызметкерлердің әрекетінің ашықтығы мен заңдылығын арттыра отырып, азаматтармен қарым-қатынас кезінде дау-жанжалдардың санын азайтуға септігін тигізіп отыр.

– Жуырда өңірде 1400-ге жуық бейнекамера орнатылып, оларды жасанды интеллект жүйесімен интеграцияланған.

Бұл жүйе нақты қандай құқықбұзушылықтарды автоматты түрде анықтай алады?

«SUNQAR»  
кешендері

орнатылған орындар:

- Қорқыт ата көшесі, «Арсенал» СОО маңы
- Жаппасбай көшесі, 175Б үй маңы
- С. Бейбарыс көшесі, облыс әкімдігі маңы
- Нұрорда ш/а, Текей батыр көшесі, 54 үй
- Астана даңғылы – Б. Жүсіпов көшесі
- Ғ. Мұратбаев көшесі, 15 үй
- Тәуелсіздік даңғылы, Bella Vista конакүйі маңы
- Саламатова – Қыдыров көшесі
- А. Байтұрсынұлы көшесі, №3 лицей маңы
- Абай даңғылы – Алтынсарин көшесі.

арқылы әкімшілік материалдарды рәсімдеу уақыты бұрынғыға қарағанда екі-үш есе қысқарды. Екіншіден, қылмысты ашу жеделдігі жақсарды: бейнебақылау камералары мен аналитикалық жүйелерді қолданудың арқасында жедел ашылған қылмыстардың үлесі айтарлықтай өсті.

Үшіншіден, қылмыстың алдын алу тиімділігі артты. Цифрлық талдау арқылы қылмыс көп тіркелетін орындар мен уақыт анықталып, профилактикалық шаралар нақтыланды. Бұл қайталама құқық бұзушылықтардың азаюына ықпал етті. Қызметтік бейнежетондарды пайдалану азаматтардың шағымдары мен даулы жағдайлардың санын азайтуға көмектесті, сондықтан полицияның жұмысы ашық деуге болады.

– Құқық қорғау саласында жасанды интеллект енгізілгенде адам факторы азаяды дейді. Бұл қызметкерлердің жауапкершілігін төмендетіп жібермей ме?

– Жасанды интеллект тек көмекші құрал, ал ең жауапты шешімді әрдайым адам қабылдайды. Құқық қорғау саласында ЖИ тек мәліметтерді талдау мен ұсыныстар жасау үшін қолданылады, бірақ соңғы шешімге әрдайым жауапты қызметкер қол қояды. Барлық әрекеттер цифрлық түрде тіркеліп, бақылау күшейтіледі.

Заң бұзушылық болған жағдайда жауапкершілік толықтай жүйені пайдаланған лауазымды адамға жүктеледі. Яғни қызметкердің жауапкершілігі бұрынғыдан да күшейіп, қатаң түрде бақылауға алынады.

– Полиция қызметкерлерін жаңа цифрлық жүйелермен, соның ішінде жасанды интеллект платформаларымен жұмыс істеуге үйрету қалай жүреді?

– Полиция қызметкерлерін жаңа цифрлық жүйелер мен жасанды интеллект платформаларымен жұмыс істеуге дайындау үшін арнайы оқу-жаттығу бағдарламалары енгізілген. Ішкі істер органдарында тренингтер мен практикалық сабақтар өткізіледі: мысалы, әскерилер жасанды интеллект платформасында жұмыс жасаудың амал-



дарын үйрететін семинарларға қатысады. Сонымен қатар мемлекеттік деңгейде арнайы курстар мен оқу бағдарламалары да бар. Құқық қорғау органдары қызметкерлеріне жасанды интеллект құралдарын қолдануды үйрету мақсатында сабақтар ұйымдастырылған. Ішкі істер министрлігіне қарасты академиялар мен университеттердің оқу бағдарламалары жаңа заман талабына сай жаңарып, цифрлық полиция ұғымын енгізіп

Қызылорда қаласында жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жаңа «SUNQAR» автоматтандырылған бақылау жүйесі іске қосылды. Облыс әкімдігінің қолдауымен, облыстық прокуратура мен Полиция департаментінің бірлескен бастамасы аясында, КСЖАЕК-нің Қызылорда облысы бойынша департаментінің сүйемелдеуімен «SUNQAR» автоматтандырылған бақылау кешендері орнатылып, пайдалануға берілді. 9 қаңтардан бастап қала аумағында 10 заманауи бақылау жүйесі жұмыс істей бастады. Кешендер жылдамдықты асыру және жаю жүргіншілерге жол бермеу секілді құқықбұзушылықтарды автоматты түрде тіркеп, жол қозғалысы тәртібін күшейтеді.

отыр. Оқу орындарында студенттер виртуалды платформалармен және цифрлық құралдармен жұмыс істеуді меңгеруде.

– Құқық қорғау саласында енді тәртіп сақшылары ғана жұмыс істемейтіні белгілі. Уақыт талабына сай мамандар даярлау мәселесі қалай шешілуде?

– Иә, құқық қорғау саласында тәртіп сақшыларынан бөлек, цифрлық бағытта маманданған жаңа қызметкерлер дайындалуда. Ішкі істер министрлігі М.Есболатов атындағы Алматы академиясы мен ведомствоның оқу орындарында «Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету» мамандығы бойынша кадрлар даярлануда. Бұл саланың мамандары интернеттегі қылмыстар мен кибершабуылдарды болдырмау, ақпараттық жүйелердің қорғалуын

қамтамасыз ету және цифрлық қауіптерге қарсы әрекет ету жұмыстарын атқарады. Сонымен бірге IT-технологиялар мен деректерді талдау саласындағы мамандар да қажет: ИМ академиясының оқу бағдарламаларында «ІІК қызметін IT-криминалистикалық қамтамасыз ету», «Ақпараттық жүйелер» сияқты бағыттар бар. Осы курстарда қызметкерлер құқық қорғау органдарының деректерін талдау, ірі деректермен жұмыс істеу және ақпараттық жүйелерді басқару бойынша қажетті білім алып жатыр. Енді полиция құрамында тек тәртіп сақшысы емес, аналитиктер, IT-мамандар, киберқауіпсіздік сарапшылары қызмет етеді.

– Болашақта «смарт-полиция» қандай болуы тиіс?

– Қорыта келгенде, менің көзқарасымда болашақ «смарт-полиция» технологиясы мықты, бірақ шешімдерінде әрдайым адам мен заңды бірінші орынға қоютын полиция. Цифрлық полиция – құқық бұзушылықтың алдын алуы керек. Яғни жасанды интеллект қылмысты орын алғаннан кейін емес, оның орын алу ықтималдығы пайда болған кезде болжайды, ал полиция қызметкерлері осы қауіптің алдын алады. Барлық процестер: арыз қабылдау, тіркеу, тексеру толық цифрланған, бірақ азаматтармен қарым-қатынаста адалдық, түсіндіру және сенім сақталу керек. Полицияның әрбір әрекеті цифрлық түрде тіркеліп, шешім қабылдау үдерісі түсінікті және тексерілуге дайын болады. Бұл технология қызметкерге көмекші. Жасанды интеллект есеп жүргізіп, талдап, ұсыныстар береді, ал полиция қызметкері уақытын азаматтардың қауіпсіздігіне және негізгі қызметтік тапсырмаларға арнайды. «Смарт-полиция» бұл камералар мен алгоритмдер ғана емес, халық сенетін, заңға сүйенетін, технологияны дұрыс қолданатын қауіпсіздік жүйесі. Яғни оның күш-қуаты техникада емес, оны тиімді пайдаланатын маманы полиция қызметкерінде.

– Сұхбатшыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан  
София ХАЙРУЛЛА



туралы автоматты хабарламалар жүйелері іске қосылды. Мұндай цифрлық шешімдер тұрғындарға құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылды жеңілдетіп, қызмет көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

– Өңірдегі құқық қорғау саласының цифрлық дамуы республика бойынша қай деңгейде деп ойлайсыз?

– Қызылорда облысы Полиция департаменті тарапынан құқық қорғау қызметін цифрландыру және материалдық-техникалық базаны жаңарту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылууда. Қазіргі таңда облыста сыртқы қызмет бөліміне енген 660 планшеттік құрылғы әкімшілік өндірістің бірыңғай тізіліміне (ЕРАП) енгізілген. Бұл сыртқы қызмет бөлімдерінің 86%-ын құрайды. Жаңа планшеттер әкімшілік құқық бұзушылықтарды жедел тіркеуге, деректерді онлайн режимде енгізуге, сондай-ақ қызмет сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар 2024-2025 жылдары сәйкесінше 109 және 382 компьютер жиынтығы сатып алынып, барлық қызмет бөлім-

– Қызылорда қаласына 1400 дана бейнебақылау камераларын және 80 дана «зияткерлік қиылыс», 96 дана «стационарлық жылдамдық өлшегіш» қондырғыларын, жасанды интеллект функциясы бар бейнеаналитикалық жүйе орнатуға және Жедел басқару орталығын қайта жаңғыртуға жергілікті бюджеттен өткен жылы 3 млрд 882 млн теңге қаражат бөлініп, «Алатау Smart Технолоджи Казахстан» компаниясымен 2025 жылдың тамыз айында келісім-шарт жасалды. Қазіргі таңда бейнебақылау камералары мен стационарлық жылдамдық өлшегіш құрылғылары орнатылып, іске қосылуда.

– Дрондар, басқа да смарт-құралдарды патрульдік қызметке енгізу барысы туралы айтсаңыз...

– Аймақ басшысының қолдауымен жаңа бастама қолдау тауып, Полиция департаментінің тенгеріміне дауыс ұлғайтқыш және LED жарық шамдарымен жаракатталған ұшқышсыз ұшу аппараттары берілді. Бұл дрондар қоғамдық тәртіпті қадағалауда қолданылуда. Олар жоғарыдан қала көшелерін бақылап, тұрғындарға тазалық пен қауіпсіздік ережелерін сақтауды

Басы 1-бетте



# VIP нөмірге әркімнің бар таласы

Ерекше нөмірді мәртебе санайтын азаматтарды бұл жаңалық қатты қуантқан сыңайлы. Себебі жаңа ереже күшіне енгеннен бастап VIP нөмір алуға бір тәулік ішінде 11 мың өтінім тіркелген екен. Жасанды интеллект және цифрландыру вице-министрі Ростислав Коняшкиннің айтуынша, ерекше комбинациялары бар нөмірлерге тапсырыс берген азаматтар есебінен өтінім саны көбейген.

VIP-нөмірлерге арналған тариф әлдеқайда қымбат: олардың бағасы комбинацияның танымалдығы мен бірегейлігіне байланысты 15 АЕК-тен 285 АЕК-ке дейін, яғни 64875 теңгеден 1232625 теңгеге дейін жетеді.

Бағасы қалтаға тиімді VIP-нөмірлер – әріптері бірдей немесе 010, 020, 030, 040, 050, 060, 070, 077, 080, 090 және 707 сандық комбинациялары бар нөмірлер. Олардың бағасы қазір 57 АЕК, яғни 246 525 теңге. Дәл осы сандық комбинациялар, бірақ әріптік белгілері бірдей болса, 114 АЕК немесе 493050 теңге тұрады.

Сондай-ақ 100, 111, 200, 222, 300, 333, 400, 444, 500, 555, 600, 666, 700, 800, 888, 900 және 999 сандары бар нөмірлердің бағасы 137 АЕК, яғни 592 525 теңге. Осындай комбинациялар, бірақ әріптері бірдей болған жағдайда, 194 АЕК немесе 839050 теңге болады. Ал 001-009 және 777 сандық белгілері бар нөмірлер одан да қымбат, 228 АЕК, яғни 986100 теңге.

Ең қымбат нөмірлер бұрынғыдай 001-009 және 777 сандары бар, әрі әріптік белгілері бірдей VIP-нөмірлер

Басы 1-бетте

Қоғамдағы халықтың тамақтану әдеттері соңғы жылдары елеулі өзгерістерге ұшырап, дәстүрлі тағамдар мен заманауи өнімдердің үйлесімі байқалады. Тамақтану мәдениеті мен рациондық таңдаулар адамның денсаулығына тікелей әсер ететіні белгілі, сондықтан қант пен тұзды тұтыну деңгейі, дәрумендер мен биологиялық белсенді қоспаларды қолдану жиілігі ерекше мәнге ие. Еңбек адамдарының тамақтану әдеттері мен тағамдық үлгілерін жан-жақты бағалау және алынған нәтижелер негізінде денсаулықты сақтау мен жақсартуға бағытталған нақты ұсыныстар жасау мақсатында өндірістік және тұрғын үй құрылысы саласында еңбек етіп жүрген 100 құрылысшы респонденттен әлеуметтік сауалнама алынды.



болып қала береді. 2026 жылы олардың құны 285 АЕК-ке дейін өсіп, 1232625 теңге болды.

Елмен бірге ерекше комбинациялы нөмірге тапсырыс берген қала тұрғыны Асылжан да ерекше нөмір алуға мүмкіндік туғанына көлік жүргізушілерінің қуанғанын айтады. «Өміріміз VIP болмаса да, нөміріміз VIP болсын», – деп әзілдеп айтса да, бұл да көлікке әсемдік беретін құрал сынды.

– Бұрын әдемі сандардан құралған нөмірді алу арзан емес еді. Қарапайым біз үшін қымбат болатын. Қазір баға да көңілге қонымды, рәсімдеу жолы да жеңілдеп жатыр, – дейді қала тұрғыны.

Айта кетейік, алдағы уақытта автокөлік нөміріне тапсырыс беру толықтай онлайн форматқа өту жоспарлануда. Тиісті министрлік бұл бастама мемлекеттік қызметтерді тиімді етуге және көлемдік нарықты қысқартуға ықпал етеді деп отыр. Алдағы уақытта автономірлерді таңдау және сатып алу жеңілдейді. Бұл ХҚКО-ға бармай-ақ қашықтан нөмір таңдауға мүмкіндік береді.

Айдана БАХТИЯР

ұлттық дәстүрді сақтау мен пайдалы микрофлораны қалыптастыруға септігін тигізеді. Қымыз, шұбат және күрт сияқты ұлттық өнімдердің тұтыну деңгейі төмен (жалпы респонденттердің 22%-ы), бұл дәстүрлі тағам мәдениетін сақтаудың қажеттілігін көрсетеді.

Дәнді дақылдардың ішінде күріш, қарақұмық, арпа басты рөл атқарады. Көкөністердің негізгі түрлері – сәбіз (52%), қызылша (48%), қырыққабат (45%) – жеткілікті мөлшерде пайдаланылады. Сирек кездесетін көкөністер мен консервіленген өнімдер аз қолданылады (жалпы 15-18%). Жеміс-жидектерді күнделікті тұтынатындар 40%, аптасына бірнеше рет қолданатындар 38%, ал сирек тұтынатындар 22% құрайды. Сусындар арасында қара



Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, құрылысшылардың 42%-ы поливитамиңдерді аптасына 1-2 рет қолданса, 30%-ы сирек, ал тек 28%-ы тұрақты түрде қабылдайды. А витаминінің респонденттердің 52%-ы аптасына бірнеше рет, 28%-ы сирек, ал 20%-ы әрдайым тұтынады. С және D витаминдерінің тапшылығы да байқалады: тұрғындардың 45%-ы витамин С-ті аптасына 3-4 рет, 35%-ы сирек, ал 20%-ы күнделікті қабылдайды. Бұл көрсеткіштер адамдарда иммунитетті әлсіреуіне, көз және тері денсаулығына кері әсер етуі мүмкін.

Қант пен тұздың артық мөлшерде қолданылуы да кең таралған мәселе болып отыр. Сауалнамаға қатысқан құрылысшылардың 38%-ы күніне 1-2 шай қасық қант тұтынатынын айтса, 27%-ы 3-4 шай қасық, ал 15%-ы күніне 5 шай қасықтан астам қант қолданатынын мәлімдеді. Дайын тағамға қосымша тұз қосу әдеті респонденттердің 42%-ында байқалады. Мұндай тенденция жүрек-қан тамырлары ауруларының даму қаупін арттырады және тұрғындарға арналған ақпараттық науқандарды ұйымдастыру, тұзды тұтынуды бақылау қажеттігін көрсетеді.

Ет өнімдері Қазақстан тұрғындарының рационьнда негізгі орын алады. Сауалнамаға қатысқан құрылысшы респонденттердің 48%-ы сиыр етін аптасына 1-2 рет, 30%-ы 3-4 рет тұтынады. Жылы етін аптасына 1-2 рет қолданатынын 52%, сирек тұтынатынын 25% атап өтті. Қой етін аптасына 1-2 рет тұтынатындар 35%, ал шошқа етін сирек пайдаланатындар 28% құрайды. Тауық еті аптасына 3-4 рет қолданылады деп есептегендер 46%, ал жұмыртқаны аптасына 3-5 рет тұтынатынын 40% айтты. Балық өнімдері мен теңіз өнімдері күнделікті рационада сирек кездеседі: тек 18% респонденттер аптасына бір рет қолданса, қалған 82% тұтынбайды немесе сирек пайдаланады. Бұл өмега-3 май қышқылдары мен йод тапшылығына алып келуі мүмкін, сондықтан теңіз өнімдерін рационға қосу ұсынылады.

Сүт өнімдері халықтың оның ішінде құрылыс саласында еңбек етіп жүрген мамандардың күнделікті рационьнда тұрақты орын алады. Йогурт, кефир, айранды күнделікті тұтынатындар 42%, аптасына бірнеше рет қолданатындар 38%, сирек пайдаланатындар 20% құрайды. Сүт өнімдерінің әртүрлілігін арттыру

шай (65%), компот (42%), жеміс шырыны (35%) және минералды су (28%) негізгі орын алады. Кофе мен какао қалалық және жас аудитория арасында танымал (40%), ал алкогольді сусындар тұтыну деңгейі төмен (12%). Шоколад, печенье және тәтті бәліштерді аптасына 1-4 рет тұтынатындар 48%, күнделікті қолданатындар 12% құрайды.

Зерттеу нәтижелері құрылысшылардың рационь дәстүрлі тағамдар мен заманауи өнімдердің үйлесімін сақтай отырып қалыптастықанын көрсетеді. Дегенмен, дәрумендер мен балық өнімдерінің жеткіліксіздігі, қант пен тұздың кейбір топтарда жоғары тұтынылуы, сондай-ақ сирек кездесетін көкөністер мен ұлттық өнімдердің аз пайдаланылуы денсаулыққа кері әсер етуі мүмкін. Осыған байланысты профилактикалық шаралар ретінде: дәрумендер мен поливитамиңдерді қолдануды арттыру, қант пен тұзды шектеу бойынша ақпараттық науқандар ұйымдастыру, ет пен балықты теңестіріп рационға қосу, сүт өнімдерін насихаттау, көкөніс пен жеміс-жидек тұтынуды күнделікті жеткілікті деңгейге жеткізу, ұлттық тағамдарды пайдалану ұсынылады.

Осы шараларды жүзеге асыру арқылы халықтың әсіресе құрылыс саласында тер төгіп жүрген мамандардың тамақтану мәдениеті жақсарып, дәстүрлі және заманауи тағамдардың үйлесімі арқылы денсаулық сақтау деңгейін арттыруға, жүрек-қан тамырлары аурулары мен дәрумен тапшылығынан туындайтын проблемаларды алдын алуға мүмкіндік туады. Сонымен қатар зерттеу нәтижелері қоғамда денсаулық сақтау саласындағы саясатты қайта қарауға, тамақтану мәдениетін жақсартуға және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға негіз бола алады.

А.А.АБДУЛДАЕВА,  
“Астана медицина университеті” КеАҚ  
Академик Е.Д.Даленов атындағы  
профилактикалық медицина ҒЗИ директоры,  
м.ғ.к., профессор,  
Г.Н.ДОСЖАНОВА,  
Бас ғылыми қызметкер, PhD,  
С.К.САПАРБЕКОВА,  
Нутрициология мамандығының 1 курс магистрі.

■ ҚАЛА ЖӘНЕ АДАМДАР

## ҚОЛ ҚУСЫРЫП ОТЫРА АЛМАЙМЫН

Өз ауласын гүлдендіріп, айналасына үлгі болған талай тұрғынды жазып жүрміз. Ал көпқабатты үйдің 4-ші қабатында тұрып, бүкіл үйдің алдына жиде ағашын, подъездің кіре беріс ауласына жеміс ағаштарын отырғызып, жүзім егіп, күтімге алып, шарбаққа дейін өрнектеп, подъездің 1-ші қабатынан 5-ші қабатына дейін өз үйі секілді жиһазбен сәндегенді естігенде таң-тамаша болдық. Тіпті подъездің сыртқы есі-

жан екенін байқап, әңгімеге тарттық.

– Біз бұл пәтерді 2019 жылы алдық. Қаланың Шанхай бөлігінен көшіп келдік. Жастайымыздан әкеміз еңбекке бауылған. Әкем де тыным таппайтын кісі еді. Сол кісіден дарыған болу керек қол қусырып қарап отырғанды қаламаймын. Қазір жасым 69-да, зейнеттемін. Кезінде көлік жүргізіп, алыс қалаларға катынадым. Адамға қимыл керек. Өзім жоқтан бар

жасап, айналаны әдемілегенді қалаймын. Тазалықты сүйемін. Подъездің таза, сырттан келген адамдарға әдемі көңіл-күй сыйлайтындай болуын ойладым. Көп ізденіп, теледидардың астына қоятын жиһаздың бетін, ескі шкафтың айнасын тастамай, подъездің қабырғасына ілгіздім. Қабырға әдемі картина, терезелерге перде таққызыдым. Мен бастама көтеремін, көршілерім де қолдай кетеді. Жастардың көбісі жұмыста. Өзім подъездің еденін де жуа саламын. Үйдің алдына 55 түп жиде отырғыздым. Ерінбей, шелекпен су тасып күйдым. 20-сы көктемді. Жеміс ағашынан алмұрт, өрік, шие ектім. Қазір өздеріңіз көріп тұрғандай, үйге роза гүлінің көшетін отырғыздым. Көктемде аулаға егемін. Терек

отырғызу да жоспарымда бар. Адамда ниет болса, көпқабатты үйлердің ауласын да құлпытрып жіберуге болады. Жастарға тәлім тәрбие мен өнегені өзіміз көрсетсек деймін. Ал құр сөзбен айтқаннан гөрі, іспен көрсеткен жөн, – дейді кейіпкеріміз.

Оның тап-тұйнақтай ісіне көршілер дән риза. «Көршің жақсы болса бір бақыт» дейді олар.

– Осы үй бізге құт болды. Мұнда көпшілігі жастар, елгезек, көмекке дайын тұрады. Әсіресе Арыстанбек інім көшіп келгені қолынан құрал-сайманы түспейді подъезді әдемілеумен келеді. Көршілерді ұйымдастырып, кез келген адаммен тіл табысып, өзі бастама көтеріп, ортақ дәлізімізді тап тұйнақтай етіп, үйдің ішіндегі безендіріп келеді. Бағбандық та, ұсталық та қолынан келеді. Бір сөзбен айтсам, бесасап кісі. Көршілер өте ұйымшыл, – дейді №19 үй тұрғыны Баршагүл Өтешбаева.

– Көпқабатты үйдің ортақ дәлізін өз үйіңдей сәндеген қала тұрғынының еңбек-қорлығына риза болдық.

Гайһар  
КОЖАХМЕТОВА  
Суретті түсірген  
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

## ШАЙ САПАСЫНА МӘН БЕРСЕК

Қазақта «шай ішсең көңілің жай» деген тәмсіл бар. Самаурынның шайын сарқып ішкен дәстүрлі жалғастырып келеміз. Алайда бұрын шайдың бір-екі түрі бар еді. Бүгінде дүкен сөрелерінде самсаған шайдан көз сүрінеді. Қазақтың әдемі сөзімен өрнектелген шайдың сыртқы келбеті де, қызыл күрең шығымы да керемет. Ал сапасы қандай деген сауалға жауап іздеп көрдік. Өйткені ағзаға зиян бояғыштар денсаулыққа зиянын тигізеті сөзсіз.

Көңілде көптен күдік келтірген сауалдың жауабын мемлекеттік бас санитар жариялап, елімізде фальсификацияланған шай өнімдерін әкелуге және сатуға уақытша тыйым салу туралы қаулыға қол қойды. Себебі тексеріс барысында біз тұтынып жүрген бірнеше брендтік өнімнің құрамынан рұқсат етілмеген жасанды бояғыш пен жалған өндіріс мекенжайы анықталған. Тиісті сынама алынып, зертхана сараптама жүргізген. Зерттеу нәтижесінде көптеген шай құрамынан сары бояғыш, тартазин, понсо 4 R бояғыштар табылған. Сонымен қатар өнім сыртында көрсетілген өндіріс және буып-түю мекенжайының шындыққа жанаспайтыны анықталған.

Осы мәселеге орай аймақтағы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті кейбір шай өнімдеріне қатысты уақытша санитариялық шаралар енгізіпті.

– Облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті ішкі сауда нарығы айналымына келіп түсетін өнімдердің қауіпсіздігін бақылау мақсатында 2025 жылы 125 сауда орнынан барлығы 1 232 тағам өнімінің сынамасын алып, сараптама жүргізді. Оның ішінде халық көп тұтынатын шай өнімінің 12 сынамасы зерттелді. Нәтижесінде 5 шай өнімі санитариялық-химиялық көрсеткіш бойынша техникалық регламент талабына сәйкес келмеді.

Атап айтқанда, Қазақстанда қапталған Кения елі шайларының құрамынан тартазин, өзге де тағамдық бояғыштар анықталды. Нормда бұл қоспаларды қолдануға рұқсат етілмейді. Сәйкес келмеген өнімдер бойынша 5 сауда нүктесіне еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенті талабына және (немесе) бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талабына сәйкес келмейтін өнімді алып қою және өткізуден кері қайтарып алу туралы жедел ден қою шарасын қолдану туралы қаулы ресімделді.

Техникалық регламент талабына сәйкес келмеген 70 келі шай өнімі сатылымынан алынды. Ал өнімін тауарлық ілеспе құжаттарсыз сатқан сауда орындарына қатысты кәсіпкерлік нысанға ӘҚБтК-нің 203-бабымен 45 АЕК мөлшерінде

қысқартылған тәртіпте айыппұл салынды, – деді облыстық СЭБД басшысының орынбасары Ерлан Ұзақбаев.

Сала маманының айтуынша, мұндай сәйкессіздіктер еліміздің бірқатар аймағында да анықталуына байланысты бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің 2026 жылғы 5



қаңтардағы №1-ПГСВ қаулысымен халықтың санитариялық эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бақылау мақсатында сатып алу нәтижелері бойынша тиісті нормативтік құқықтық актілердің, кеден одағының техникалық регламент талаптарына сәйкес келмейтін шайды әкелуге және сатуға тыйым салынды. Олардың қатарында «Апамның шайы Premium gold», «Al-Hayat» Gолg, өндірушісі «Orda Trade Astana» ЖШС (Алматы облысы) өндірісі, «Sultan Suleyman», «Pakistan tea», өндірушісі «Real Trade Astana» ЖШС (Астана), «БАЛКІЯ Premium gold», өндіруші «Аль-Хадия» ЖҚ (Алматы), «Аје Onim», өндіруші «Орда Чай» ЖҚ (Алматы) «Кальций» ЖШС тапсырысы бойынша, «Al-Hayat» Gолg, өндіруші «Empire KENYI E.P.Z. Limited» (Алматы облысы), «Al-Jannat Premium», өндіруші «Ferdau» ЖҚ (Алматы), «Alfarah» (өндірушісі қаптамада көрсетілмеген) бар. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар санитариялық-эпидемиологиялық бақылау қызметімен тұрақты жүргізілмек.

Шайдың қызылы мен әдемі қорабына қызығып, беймәлім бояғыштармен ағзымызға зиян келтірмейік. Тек маман кеңесін қаперде ұстап, денсаулыққа пайдалысын таңдағанымыз жөн.

Гайһар АСҚАРҚЫЗЫ

Құрметті қала және ауыл тұрғындары!

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі халықты әлеуметтік қолдау мақсатында 2026 жылдың 1 тоқсанына осы жылдың қаңтар айының 5-нен бастап аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй көмегіне құжаттарды қабылдау «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалының «Халыққа қызмет көрсету орталығы» бөлімдері арқылы келесі құжаттарыңызды тапсыруға болатындығын хабарлаймыз:

- өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- отбасының кірісін растайтын құжаттар;
- коммуналдық қызметтерді тұтынуға арналған шоттар;
- телекоммуникация қызметтері үшін тірбірек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі.

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі Байланыс телефонымыз: 40-04-81

Внимание жителей города и аульных округов!

В целях социальной поддержки населения, городской отдел занятости и социальных программ сообщает, что прием документов малообеспеченным гражданам на жилищную помощь за 1 квартал 2026 года осуществляется через филиалы Кызылординского департамента «Центр обслуживания населения» некоммерческого акционерного общества «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по Кызылординской области с 5 января текущего года по следующему перечню необходимых документов:

- документу, удостоверяющий личность заявителя;
- документы, подтверждающие доходы семьи;
- счета на потребление коммунальных услуг;
- квитанцию-счет за услуги телекоммуникаций или копия договора на оказание услуг связи.

Городской отдел занятости и социальных программ Справки по телефону: 40-04-81



# ҰРПАҚҚА ҰҒЫНДЫРҒАН ДАНАЛЫҚТЫ

Қаладағы А.Байтұрсынов атындағы №211 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айман Абасилова «Үздік педагог – 2025» республикалық байқауының облыстық кезеңінде топ жарды. Сонымен қатар ұлағатты ұстаз 2025 жылдың қорытынды шарасында қала әкімінің «Жыл ұстазы» номинациясымен марапатталды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тіл мәртебесін» көтеру бағытында айтылған жұмыстарын үздіксіз жалғастыру, қазақ тілін үйрену сапасын арттыру, оқу сауаттылығын дамыту мақсатында Қызылорда облысының білім басқармасы басшысының 17 желтоқсан 2024 жылғы 116-нқ/1 бұйрығымен мектеп «Тіл білімі мектебі» тірек мектебі болып бекітілген. Қазіргі таңда мектепте жоба аясында ауқымды жұмыстар қолға алынып, жүзеге асуда. Жоба аясында мектепте 6 ғылыми-зерттеу зертханасы және Қазтест орталығы жұмыс істейді. «Тіл білімі» мектебін жобасын жүзеге асыру бойынша мектеп мұғалімі Айман Абасилова мектеп баспасының 8-сыныбына арналған «Қазақ тілі оқулығы мен оқу-әдістемелік кешендерінің» авторлар құрамына енеді.

– Мұғалім болу – өзімнің таңдауым. Бала тәрбиелеу, оларға білім берудің қаншалықты маңызды екенін терең түсіндім. Мұғалім болу арқылы ұрпақ тәрбиесіне өз үлесімді қоссам деген мақсат болды. Бұл жолда өзімнің қолтаңбамды қалдыру мақсатында еңбек етіп келемін. Ұстаздық қызметімде тілдік білім мазмұнын жаңғырту, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру, кіріктірілген оқытуды дамыту бағытында нәтижелі жұмыстар жасалды. Әсіресе, сабақта заманауи педагогикалық әдістерді тиімді қолдана отырып, оқушының зерттеушілік дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлемін. Ғылыми-шығармашылық қызметінде пәнаралық байланысты күшейту, тілдік дағдыларды қалыптастыру, білім алушылардың зерттеу мәдениетін арттыру мәселелеріне арналған әдістемелік материалдар мен баяндамалар әзірлеп, жариялап келемін. Республикалық және облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, педагогикалық тәжірибемді әріптестер арасында тараттым. Білім беру ұйымдарында ұйымдастырылған семинарлар мен тәжірибе алмасу алаңдарында өз әдістемелік ізденістерімді ұсынып, педагогтерді кәсіби қолдауға үлес қостым. Қазақ тілі

пәні мұғалімдерінің кәсіби дамуына бағытталған оқу-әдістемелік шараларға қатысып, өз тәжірибемді тұрақты түрде жетілдіріп келемін. Еңбек нәтижелерім оқушылардың жетістіктерінен айқын көрінеді. Бұл марапат – мен үшін үлкен жауапкершілік. Ең алдымен, шәкірттерімнің жетістігі мен қолдауының нәтижесі. Ұстаз үшін бұдан асқан марапат жоқ, – дейді Айман Жақанқызы.

Ізденіспен, терең біліммен еңбек еткеннің нәтижесінде ұлағатты ұстаз көптеген жетістікке қол жеткізді.

Оның бәрін тізбектеп шығу мүмкін емес. Дегенмен, ғылыми-шығармашылық және кәсіби жетістіктері бойынша педагог-зерттеуші мәртебесін алды. Ғылыми-әдістемелік жұмыстары жарық көрді. Оқушылары үздік нәтиже көрсете білді. Мұның өзі мұғалімнің үздіксіз жұмыс істеуінің нәтижесі. Сонымен қатар 2018 жылы қалалық білім бөлімінің Құрмет грамотасымен марапатталса, одан бөлек жыл сайын облыстық білім басқармасының Алғыс хаты және Құрмет грамоталарымен марапатталған.

– Өткен жыл аяғында мектебіміз үшін керемет жаңалық болды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, білім мен сөз өнерінің шынайы жанашыры Айман Жаханқызы «Үздік педагог – 2025» республикалық байқауының об-

лыстық кезеңінде топ жарып, облыс әкімінің 1179600 теңге көлеміндегі сыйақысына ие болды. Сонымен қатар қала мектептері арасында үздік деп танылып, қала әкімінің «Жыл ұстазы» номинациясымен марапатталды. Бұл – жай ғана жеңіс емес, бұл – ұстаздық жолдағы табандылықтың, жаңашыл ойдың және шығармашылық қуаттың салтанаты. Бір күннің емес, жылдар бойғы тынымсыз еңбектің, үздіксіз ізденістің және терең білімнің әділ бағасы. Айман Жаханқызы – тек пән мұғалімі емес, ол – ұлттық рухты сөз өнері арқылы шәкірт жүрегіне сіңіре білетін рухани жетекші. Әр сабағы ойға жетелейтін, талдауға үйрететін, оқушының ішкі әлеуетін ашатын шығармашылық алаң. Ұстаздың жан-жақтылығы оның әдістемелік шеберлігінен, креативті жобаларынан, оқушы жетістіктерінен айқын көрінеді. Жыл қорытындысы бойынша үздіктер қатарынан көрініп, мектеп мерейін асқартқан Айман Жаханқызының жетістігі – бүкіл ұжым үшін үлкен мақтаныш, жас мамандар үшін үлгі, оқушылар үшін шабыт көзі, – дейді мектеп директоры Айжан Шорабекқызы.

Роза ЕРІМБЕТОВА, С.Толыбеков атындағы  
№3 ІТ-мектеп-лицейінің физика пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші:

## ШӘКІРТТЕРІМНІҢ ЖЕТІСТІГІ – БАСТЫ МАРАПАТЫМ

«Үздік педагог» байқауы елімізде 2012 жылдан бері өткізіліп келеді. Өткен жылдың қорытындысы шарасында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақтағы «Үздік педагог» облыстық байқауының жеңімпаздарын марапаттады. Қаламыздағы С.Толыбеков атындағы №3 ІТ-мектеп-лицейінің физика пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші Роза Ерімбетова «Үздік педагог» байқауында үздіктер қатарынан көрінді. Үздік ұстазбен әңгімелесудің сәті түскен еді.

– Жыл қорытындысы бойынша «Үздік педагог – 2025» марапатына ие болдыңыз. Құтты болсын! Бұл марапаттың артында үлкен еңбек жатқаны анық. Ұстаздық жолыңыз жөнінде айтып өтсеңіз...

– «Үздік педагог – 2025» марапаты – мен үшін үлкен құрмет әрі жауапкершілік. Бұл жетістік – жылдар бойы жинақталған тәжірибе, үздіксіз ізденіс пен оқушыларыммен бірге атқарған тынымсыз еңбектің нәтижесі деп білемін. Физика пәні мұғалімі ретінде еңбек жолымды қарапайым мектептен бастадым. Бастапқы жылдары әр сабағыма жаңалық енгізуге тырыстым. Заман талабына сай оқытудың тиімді әдістерін, оның ішінде цифрлық технологияларды, модельдеуді, зертханалық жұмыстарды кеңінен қолданып келемін. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін элективті курстар ұйымдастырып, ғылыми жобаларға жетекшілік еттім. Осы жылдар ішінде көптеген шәкірттерім қалалық, облыстық, республикалық жарыстарда жүлделі орындарға ие болды. Бұл менің кәсіби мотивациямның бір көзі. Алда да білім сапасын арттыру жолында аянбай еңбек етіп, оқушыларды ғылымға баулуды жалғастырамын.

– Бала кезден мұғалім болуды армандадыңыз ба, әлде тағдыр жетеледі ме?

– Мен Қазалы қаласында дүниеге келдім. №16 М. Горький атындағы орыс орта мектепте білім алдым және дәл осы мектепте физика пәнінің мұғалімі болып еңбек жолымды бастадым. Бала кезімнен математика пәнінің мұғалімі болуды армандадым. Елена Николаевна аялым маған осы пәнге деген қызығушылықты оятып, бағыт берді. Оқушы кезімнен олимпиадаларға қатысып, білімге құштар болдым. Физика пәніне деген қызығушылығым да осы математика арқылы қалыптасты.

Себебі физикадағы жетістіктерімнің артында логикалық ойлау мен есептеуге бейімділік жатыр.

– Сіздің ойынғызша, жақсы мұғалім қандай болу керек? Оны өзгелерден даралап тұратын қандай қасиет деп ойлайсыз?

– Менің ойымша, нағыз мұғалім – білім үйретуші емес, әр баланың жүрегіне жол тауып, оның қабілетіне сеніп, адамгершілік пен жауапкершілікті өз өнегесі арқылы сіңіре білетін үлкен жүректі тұлға болу. Оны өзгелерден даралап тұратын басты қасиет – жанашырлық пен шынайы ықылас. Мұғалім әр оқушыны түсіне білсе, оны көтермелеп, шабыттандыра білсе, баланы өсіне қалады. Сонымен қатар үздіксіз ізденіс, жаңашылдыққа ашықтық және өз ісіне деген сүйіспеншілік – нағыз ұстаздың ажырамас белгілері.

– Сіз үшін мұғалім мен оқушы арасындағы сенім қаншалықты маңызды?

– Мен үшін мұғалім мен оқушы арасындағы сенім – тәрбиенің де, білім берудің де өзегі. Сенім бар жерде ашық диалог, өзара түсіністік, шынайы байланыс орнайды. Оқушы өз ұстазына сенсе, сұрақ қоюдан, қателесуден қорықпайды, пікірін ашық білдіреді. Ал мұғалім оқушысына сенсе, оның мүмкіндігіне шек қоймайды, қолдап, жігерлендіріп отырады. Сондықтан сенім – оқу процесін тиімді етіп қана қоймай, бала тәрбиесінде де үлкен рөл атқарады.

– Қазіргі білім беру жүйесіндегі басты өзгерістерге көзқарасыңыз қалай? Бүгінгі шәкірт жүрегіне жол табу қиын емес пе?

– Қазіргі білім беру жүйесінде үлкен өзгерістер болуда. Цифрландыру, құзыреттілікке негізделген тәсіл, академиялық еркіндік, оқушының жеке қабілетін дамытуға бағытталған білім беру. Бұл жаңашылдықтар уақыт талабына сай, заман ағымына бейімделуге



мүмкіндік береді деп ойлаймын.

Бүгінгі шәкірт бұрынғыдан өзгеше. Олар – еркін, ақпаратқа қанық, пікірін ашық айтуға бейім. Жүрегіне жол табу қиын емес, бірақ ол үшін мұғалім де үнемі ізденісте болуы керек. Баланың қызығушылығын түсіну, тілін табу, сенімін ояту – міне, сол кезде ғана мұғалім мен шәкірт арасында тығыз байланыс орнайды.

– «Үздік мұғалім» атану сіз үшін нені білдіреді?

– Ахмет Байтұрсынұлы «Мұғалім – мектептің жүрегі» деген. Бұл сөз – мен үшін тек қанағат тіркес емес, ұстаздық жолымның мәні мен мағынасы. Себебі мектептегі барлық тәрбиелік те, білімдік те процесс – мұғалімнің жүрегі мен жан жылуына байланысты. Сол себепті «Үздік педагог» атағын иелену – мен үшін үлкен құрмет қана емес, дәл осы жүректен сезінген, шын ниетпен атқарған еңбегімнің бағалануы. Бұл марапат маған жаңа серпін беріп, әр оқушының жүрегіне жол табуға, білім беруде жаңашылдыққа ұмтылуға, әріптестеріммен бірге даму жолында еңбек етуге жігерлендіреді. Шәкірттерімнің жетістігі – менің басты марапатым, ал «Үздік педагог» атағы – сол жолдағы еңбек пен махаббаттың айғағы.

– Сұхбатыңызға рахмет.

### Үйірменің үйретері көп

Hemіше «Repetition», французша «répétiteur», «répéter» – қайталау, зерделі болуға ұмтылыс деген ұғымды білдіреді. Бірақ мектептен алған білімді үйде қайталау емес, баланы ақылы оқыту түсінікке дәл келеді. Бұл қызмет кеше-бүгін пайда болған жоқ. Оның тарихы ертеден басталған. XVIII ғасыр гувернанттық қызметтің нағыз өркендеген дәуірі еді. Сол уақытта еуропалық бай-манаптар балаларына гувернанттар жалдап, оқуға бейімдеген. Осыдан-ақ бұл қызметтің маңызды рөл атқаратынын ұғынуға болады. Дегенмен соңғы кезде жаңаша түрленді. Соның негізінде сұраныс көбейіп, қосымша орталықтардың қажеттілігін сезіне бастады.

– «Сыныпта оқушы көп. Барлығы бірдей түсіне алмайды» дейді мектеп мұғалімдері. Сондықтан ақылы оқуға бергенді жөн көрдім. Бұл қалтаға салмақ түсіреді. Дегенмен ата-аналық міндетім болған соң қатардан қалмағаным қалаймын. Одан бөлек, балалардың сабақ оқуға ынтасы жоқ. Мектеп бағдарламасы да қиындап кеткен. Кейбір сабақтарды өзіміз түсінбейміз. Әр сағатқа әр тақырып берілген соң үй тапсырмасы да көптеп беріледі. 3-сыныптан бастап ағылшын, информатика пәндері қосылған. Бұл пәндер баланың мына артық салмақ емес пе? Шынын айтқанда, мектепке барып келіп, шамалы сабақ оқып келгеніне қуанамыз. Қаладағы оқу орталықтарына қатынайтындай мүмкіндік жоқ. Алайда қосымша оқытатын мұғалімдерге ақысын төлеп отырмын. Мұғалімдер өз деңгейінде оқытады. Нәтиже болады, – дейді ата-ана Құндызай Жиенбаева.

Неге бала мектептегі біліммен жоғары нәтижеге жете алмайды? Қосымшадан, ақылы курстардан көз ашпаудың сыры неде? Ата-аналар не үшін ақылы

## «БАЛАМДЫ ҚОСЫМШАҒА БІЛ ДЕП БЕРДІМ»

оқу жағалап жүр? Осы сұрақтар көптің көкейінде жүргені анық. Біз де жауап іздеп көрдік.

– Біріншіден, әр сыныптағы әр оқушының потенциалы әртүрлі. Бір сыныпта 25-30 бала отыр. Мұғалім 45 минутта барлық оқушымен жұмыс істеп, әр оқушының деңгейіне қарай жекелеген тапсырма беріп үлгіре алмайды. Біреу тез қабылдайды, біреу баяу түсінеді. Нәтижесінде қолдау жетпей қалады.

Екіншіден, оқу бағдарламасының тығыздығы. Соңғы жылдары пәндердің теориялық көлемі артты, бірақ сағат саны азайды. Бұл сабақты толық меңгеруге қиындық келтіреді. Баланың сабақты түсінбеу күн сайын жинала береді.

Үшіншіден, функционалдық білімге сұраныстың өсуі. Мектеп әлі жаһандық құзыреттіліктің талабына жауап бере алмай жатыр. Ата-ана нақты нәтижені (ҰБТ, олимпиада, халықаралық емтихан) күтеді. Бұл мақсаттарға арнайы дайындық керек. Сол үшін қосымша курстар көбейді. Грант, дарын бағдарламалары, лицей, олимпиада, жоғары оқу орнына түсу – бәрі баладан жоғары дайындықты талап етеді. Бұл ата-ананы қосымша дайындыққа итермелейді. Баламен жеке жұмыс істейтін репетитор материалды дәл сол баланың деңгейіне бейімдей алады. Көп ата-ана мектептегі жалпы оқудан гөрі осы форматты қалайды.

Бұл мәселенің екінші қыры бар. «Көп ата-ана жұмыс істесе, бала қараусыз қалады. Балаға көңіл бөлсе, жұмысқа үлгермейміз» деген мәселенің ұшы шығады. Сондықтан ата-ана баласының оқуын бақылауды орталықтарға тапсырады. «Мектеп бәрін бермейді» деген түсінік қалыптастырып алған ата-аналар өз тыныштығын қамтамасыз ету үшін ақылы курсқа тіркейді. «Басқалар оқып



жатыр, біздің бала қалып қоймасын» деген үрей талай ата-ананы ақылы орталықтарға итермелейді.

Қорыта айтқанда, бала мектептегі біліммен жоғары нәтижеге жете алмайды деп кесіп айтуға болмайды. Негізгі мәселе – баланың деңгейі мен оқу ортасы арасындағы сәйкестік. Мәселен, кімге мектеп жеткіліксіз, ол да бар, кімге қосымша қолдау қажет, ол да қалыпты жағдай, ал кімге арнайы дайындық (олимпиада, ҰБТ) керек, оған қосымша оқу қажет. Қорыта айтқанда, мәселе білім сапасында ғана емес, жүйенің күрделенуі, сұраныстың өсуі және нәтиже күтудің өзгеруінде, – дейді №290 орта мектептің директорының

оқу ісі жөніндегі орынбасары Ғайни Айтмұратова.

### Сұраныс неге көбейді?

Иә, бүгінде ақылы білімнің дәуірі жүріп тұр. Мәселен, Назарбаев зияткерлік мектебі, «Дарын», «БИЛ» секілді мектептерге түсу үшін де балалар оқу орталықтарына барады. Мұндай мектепке дайындалатын орталықтар қазір қаптап кеткен. Жарнамасы да озып тұр. Ақшасы да әжептеуір. Тіпті шамаң келмесе несиеге бөліп төлеуге де оқпата береді екен. Жақында қызымды дайындыққа берсем бе деген оймен осындай орталықтардың біріне бардым.

Мақтауын келістірді. Қызымды мақтады. Ағылшын, математика пәнінен білім деңгейі жақсы екенін айтты. Алайда ақшасы да әжептеуір. Егер бала мақтаулы мектептерге түсуді қаласа, осындай орталықтарды міндетті түрде оқуы қажетті-мыс. Себебі оған дайындалатын арнайы маман, арнайы жүйе бар екен. Ал, «балам оқысын» деген ата-аналар ақшасын аямай курстарға жіберуге тырысады.

Мәселен, «Қорқыт» оқу орталығы 2017 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Орталықта 15-тен аса мұғалім бар. Мұнда «бастауыш сынып», «ағылшын тілі», «математика» пәндерін тереңдетіп оқытады. Сонымен қатар шахмат және робототехника үйірмелері бар.

– Мектеп бағдарламасында әр сағатқа әртүрлі тақырып берілген. Сондықтан бала оны қорытып үлгермейді. Біз сол өткен тақырыпты қайталап, тереңдетіп оқытамыз. Мектеп жүйесі сондай болғандықтан барлық балаға бірдей оқытады. Байқасақ, интернеттен көшіріп алатын зердесіне тоқмайтын балалар көп. Балалар әсіресе математика, ағылшын тілі пәнінен көп жүгінеді. Бұл – үлкен мәселе. Себебі, кішкентай балаларға бағдарламаны бірден алып кету өте қиын. Мұның себебін ұялы телефонға тәуелділіктен десек болады. Ойлау қабілеті төмен, ізденгісі келмейді. Сондықтан бастауыштан бастап, олардың бейімділігін аңғару қажет. Орталықтағы мұғалімдердің жұмысы өте жауапты. Кез келген ата-ана баласының сабақ үлгерімін қалағалап отырады. Біз де атымызға сын келгенін қаламаймыз. Қазіргі уақытта орталықтардың көбеюі сұраныстың бар екенін дәлелдейді. Қазір ата-аналардың балаларын оқытуға қолы тимейді. Әр

бала қабілетіне қарай білім алады. Сабақ барысында қызықты тақырыптармен тапсырмалар арқылы баланың қабілетті тұстары ашылады. Бастапқыда тұйық болған оқушы уақыт өте ашылуы мүмкін. Сыныпта арнайы бағдарлама бойынша тақырыптар өтіп, қай пәнге бейім екенін анықтаймыз. Оқушыларды деңгейі бойынша оқытамыз. Қосымша орталыққа нәтиже маңызды, – дейді «Қорқыт» оқу орталығының мұғалімі Тұрсынқұл Жұртшыбаева.

### Репетитор – бағыт беруші ғана

«Білімді мыңды жығады» деген. Бүгінде бәрі жұмысбасты. Репетитор жағалағанның негізгі себебі де осы. Алайда мұның бәрін қош деуге болмас, оның кері әсері де бар.

Бірінші, қалтаға әжептеуір салмақ. Одан кейін баланы ата-анадан алшақтады. Үнемі үлкендердің көмегіне сүйенетін ол өз бетімен оқымайды. Тапсырмалар орындаған күннің өзінде күмәнмен қарайды. Сондықтан репетитор тек бағыт беруші, игермеген тақырыпты үйретуші, оқу үлгерімінде қалып қойған баланы қатарға қосушы рөлінде қажет. Олардың көмегін пайдаланбаған да дұрыс. Сол үшін бауыр еті балаға бір сәт көңіл аудару қажет-ақ. Өмірде ақшаға сатып ала алмайтын жайттар да бар. Ең бастысы, ата-ана мен бала арасындағы байланыс үзілмеген дұрыс.

**P.S.** Бәсеке мен қажеттілік тұрғысынан есептегенде ата-аналардың қосымшаны қажет еткендері орынды дейік. Алайда арнайы орталықтар, қосымша курстар мектептердің білім сапасына жауапкершілігін төмендетпей ме? Ойланатындай сұрақ...

Бетті дайындаған  
Айтолқын АЙТЖАНОВА

Меншік иесі:

**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)  
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлттан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3815 Тапсырыс №27

Нөмірдің кезекші редакторы Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ